

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - БІЛІМПАЗ ЖАСТАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЕСКЕРЕТІН МҰМКІНДІКТЕРДІҢ АРТУЫ

Козганбаева Ментай Толухановна
Қостанай қаласындағы НЗМ

Аннотация

Мақалада бүгінгі таңда өзекті болып отырған жаңартылған білім беру бағдарламасының берер мүмкіндіктері мен өзіндік ерекшеліктері туралы сөз қозғалады. Мақала жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған. Автор оқушыларды болашақ өмірге дайындауда тиімді әдістемелік құралдар, тәсілдер бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесімен бөліседі.

Аннотация

Актуальность данной статьи заключается в том, что содержание статьи освещает возможности и особенности Обновленного содержания образования. Автор делится опытом Назарбаев Интеллектуальных школ в области подготовки учащихся к взрослой жизни, эффективными методиками и подходами, необходимыми для подрастающего поколения в условиях современного мира.

Abstract

The relevance of this article is that the content of the article covers the capabilities and features of the Updated content of education. The author shares the experience of the Nazarbayev Intellectual schools in preparing students for adult life, effective techniques and approaches necessary for the younger generation in the reality of the modern world.

Түйінді сөздер: білім, бағдарлама, сұраныс, қалыптастыру, жетістік

Ключевые слова: знания, программа, формирование, достижения

Keywords: knowledge, program, formation, achievements

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы халыққа арналғанымен, соның ішінде жастарға деген үлесі басым. Мақалада кездесетін «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін маңызы зор. Себебі «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» деп Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай білімдінің мынды жығар заманы келе жатыр.

Елімізді шартарапқа танытатын, озық, алдыңғы қатарлы технологияларды ойлап табатын да жастарамыз болмақ. Олай болса, ХХІ ғасырда қандай қабілеттер мен дағдыларды жастар бойынан көруіміз керек? Әрине, білімге құштарлығы, бәсекелестікке қабілетті, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, туған жері мен халқын құрметтейтін, ойында білім, бойында қайрат болуы керек.

Заман талабына сай білім мазмұнын игерту саласында елімізде біршама жұмыстар атқарылуда, соның бірі жаңартылған білім беру бағдарламасының іс жүзіне асырылуы. Білім жүйесіне енген жаңалықтар: пән мазмұны, бағалау жүйесі, оқыту тәсілдері, оқушыға деген көзқарас, мұғалім рөлінің өзгеруі. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Сондықтан Қазақстанның 30 ең дамыған ел қатарына енуді жақындату үшін жастарымыздың білім жетістіктерінің көрсеткіштері жоғары болуы міндетті. Заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама іс жүзіне асырылуда. Осы тұрғыдан Республикамыздағы Назарбаев Зияткерлік мектептер тәжірибесі өте құнды әрі бағалы болып табылады. 2015 жылдың қыркүйек айынан 12 жылдық білім беру пилоттық жобасы еліміздің 30 мектебіне енгізілді. Әр облыстан 2 мектепке аймақтағы Зияткерлік мектеп мұғалімдері практика мен теориялық білімдерімен тәжірибе бөлісуде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі оқушылардың бойында сыни ойлау, анализ, синтез, бағалау, рефлексия, зерттеушілік және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталуында. Ең бастысы оқушы шынайы өмірдегі құбылыстар, оқиғалар, ақпараттармен таныса отырып, алған білімдерін күнделікті

өмірмен байланыстыруға бейімделеді. Бұл балаларды ересек өмірдің қиыншылықтарына жеткілікті деңгейде дайын болуына септігін тигізері сөзсіз. Жаңа бағдарлама оқушылардың оқу үдерістерінің ұйымдастырылуына да ерекше талап қойып отыр, ол ұжымдық, топтық, жұптық оқыту формалары. Оқушы дайын түрінде білім алуға емес, олар зерттеу, іздену, бірлесе шешім қабылдап, ұжымдық қарым-қатынас, коммуникация негізінде білімдерін жетілдіруге бағытталады. Осы орайда мұғалімнің де іс-әрекеті, өзің ұстауы, өзінің жеке кәсіби біліктілік деңгейіне сұранысы жоғарлауы талап етіледі. Өйткені шәкіртін қалай және не үшін оқулары керектігін ұғындыра алатын да, білім деңгейінің шыңына жетелейтін де, мадақтап, өзіне, қоршаған ортаға деген сенімін арттыратын да ұстаз. Мұғалім өз білім беру тәжірибесіне сыни көзқараспен қарап, жаңашылдыққа ашықтығымен, білім беру ортасында білім беруші емес, білім алуға бағыттаушы ретінде сипатталуға ұмтылу қажеттілігі туындайды. Әрине, бүгінгі күні барлық білім ордалардың техникалық жабдықталу, кадрлармен қамтамасыз етілу жағынан мүмкіндіктері бірдей емес екені баршамызға мәлім, алайда өз ісінің маманы, қас шебері болуға мүмкіндіктер жеткілікті.

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында: «12 жылдық білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру», - деп нақты көрсетілген.[1, 10 б.] Мұғалімдер қауымдастығы алдына қойылған мақсатқа қалай жетпек деген сауал келмес бұрын, мемлекетімізде жүріп жатқан зерттеу жобаларының өткізілуі еске түседі. Бұл 2000 жылдан бастап Қазақстандық 15-жасар оқушыларымыздың оқу жетістігін бағалайтын халықаралық бағдарламаға қатысуын атап өтуге болады. Үш жылда бір рет өткізілетін PISA зерттеуі оқушылардың оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылығы мен жаратылыстану сауаттылықтары бойынша қандай жетістіктері бар екенін бағалайды. Бұл зерттеуге 70-тен астам мемлекет оқушылары қатысатындықтан, Қазақстанның білім беру бағдарламасының дұрыс бағытта келе жатқаны, білім беру саласында қандай тұстарды реттеу қажеттілігі туындағанын көрсететіні құнды. 2015 жылдығы зерттеулеріне назар аударатын болсақ, 15 жастағы оқушыларымыздың жоғарыда аталған сауаттылықтар бойынша білімдерін әлі де нығайту керектігін көре аламыз. Рейтинг кестесі бойынша зерттеуге қатысқан 5780 оқушыларымыздың оқу жетістіктері (оның ішінде 189 мектеп, 27 колледж) 72 мемлекет ішінде 42-ші орынға иеленген[2, 12 б.]. Мұндай нәтиже 15-жасар оқушылардың функционалдық сауаттылықтарының әлі де төмен деңгейде екенін байқатады. Осы орайда оқушылардың оқу сауаттылығы тиісілі деңгейде қалыптаспай, өз бетімен білім алып, бағдарламаны толыққанды игерсе, ол білімдерін практикада қолданыс табуына мүмкіндік бермейтіні сезіледі, сондықтан ең бастысы мектеп қабырғасында оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптастыруына жіті назар аударып, қолға алуды қажет етеді. Бұл тағы да елімізде білім беру бағдарламасының жанартылуының бірден бір себептері десем де қате болмас.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға үлкен мән-мағына беріледі. Ол мұғалімдердің оқушыларды оқу стратегияларына үйретуді көздейді. Оқушылар сканерлеп оқу, біздің түсінігімізше көз жүгіртіп оқу, шолу деген стратегияларды жақсы меңгеріп алған, оқушылар 7-ші сыныптан бастап кез келген тақырыптағы мәтіндерді оқып, ондағы негізгі және жанама ақпараттарды ажыратуға үйренеді. Мәтіндердің негізгі ойын тауып, тапсырмаларды орындамас бұрын қандай мақсатпен мәтінді оқитынын анықтап алып, осы жерде тиімді болатын оқу стратегияларының бірін қолданып, тапсырманы орындауға кірісуге машықтануда. Бұл кіріктірілген бағдарламаның өзгешелігі, спиральдік жүйемен оқу мақсаттарын меңгертіп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытады. Мысалы, «Қазақ тілі мен

әдебиеті» пәні оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Оқушылар қазақ тілін үйрене отырып, тілдік дағдылармен қатар түсіну және жауап беру, анализ, салыстыру және бағалау дағдыларын дамытады, сонымен бірге оларды қоғамда тиімді қолдана білуді үйренеді.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда мәтіндерді таңдау барысында олардың шынайы, күнделікті өмірмен байланыстылығы, мәтіндердің жеке, қоғамдық, білім беру, кәсіби сияқты салаларды қамтуы көзделеді. Тұтас, тұтас емес, аралас мәтіндер де оқу мақсаттарына сай кеңінен қолданылуда. Мәтін түрлері сан алуан және кез келген саланы қамтуы тиіс. Әсіресе жағдаяттық тапсырмалар жағдайды сипаттайтын мәтін негізінде құрылады. Бұл оқушылардың күнделікті өмірде куә болып жүрген жайттарға, құбылыстарға сыни қарау, өзгелердің пікіріне сүйене отырып, өзінің қорытынды ойын ұсынуына жетелейді.

Оқушыларды өмірге дайындау барысында Блум Таксономиясы бойынша жоғары деңгейлі дағдыларды дамыту маңызды болып табылады. Оқу мақсаттарының негізгі категориялары: 1) есте сақтау; 2) түсіну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) бағалау; 6) жасау. Блумның қайта қаралған таксономиясының (2001) негізінде әртүрлі деңгейлерде когнитивтік дағдыларға қатысты түрлі егістіктер тапсырма құрастыру барысында қолданылады. Осы орайда сабақ барысында оқыту мақсаттарына сай күтілетін нәтиже де жоспарланып, зияткерлік қабілеттерді (мысалы, саралау, негізгі және қосымша түсініктерді ажырату, кесте, ментальді карта құрастыру, шешім шығару, болжау, бағалау, түсіндіру және мәселе шешу) дамыту жұмысы ұйымдастырылады. Келесідей сұрақтар типтері қолданылады: жабық сұрақтар, ашық сұрақтар, қысқа жауапты талап ететін сұрақтар, толық жауапты талап ететін сұрақтар, ия/жоқ, шын/жалған, бір сұрақты шешу мақсатында командалық тапсырма.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер әр алуан. Пән оқуы орыс тілінде жүргізілетін мектептерде оқытылатындықтан оқушының қатесі үшін жазалап оқыту емес, қателерін түзету үшін оқыту және оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру болып табылады. Әр оқушының жеке қабілеттерін анықтап, білуде мектептегі психолог мамандардың көмегі зор. Оқушылардың бастапқы оқу кезіндегі зерттеу нәтижелерімұғалімге сабақты жоспарлау, тапсырмаларды құру, жасөспірімдерді табысқа жетелеуге мүмкіндік береді. Жеке кәсіби даму мақсатым: «Тапсырмаларды саралау арқылы оқушылардың айтылым дағдыларын дамыту» болғандықтан, тапсырмаларды құрастыру барысында психологиялық диагностикалардың нәтижелері басшылыққа алынады. Мысалы, С.Ефремцев бойынша оқушылардың негізгі қабылдау каналын анықтау диагностикасының нәтижелері бойынша сыныптағы әр оқушының визуал немесе аудиал немесе кинестетик екенін біле аламыз. Оқушылардың материалды қабылдауы аралас болуы да мүмкін.

Саралап оқыту – тұлғаның жеке ерекшеліктері (зияткерлік қызметтің қабілеттері, бейімдері, ерекшеліктері) ескерілетін оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі. Дидактикалық жүйенің элементтері ерекшеленетін оқушылар тобын құрумен сипатталады. Саралап оқыту дамуға қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған: оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескеру; оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып топтастыру; оқу үдерісінің вариативтілігі. Саралаудың 7 тәсілі бар: тапсырма, қарқын, дереккөздер, диалог және қолдау көрсету, бағалау, жіктеу, қорытынды. Күнделікті сабақтарда тапсырмаларды саралау барысында оқушылардың жеке қабілеттері ескеріледі, оқушылардың белсенділігі жоғарылайды, оқу жетістіктерін жүйелі түрде көтеруге жол ашады. Саралауды қолдану оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне қарай қабілетін аша отырып ойын, қиялын дамыту, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландыру, тілдік дағдыларын жетілдіру, өзіндік ой-пікірлерін дамыту жүзеге асырылады.

Оқушыларымыздың жеке қабілеттерін, мүмкіндіктерін ескеріп, оларды бағдарламадағы оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижеге, бағалау критерийлерді табысты орындап шығуларына сүйемелдеу, қолдау көрсету арқылы ғана жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2010.- 10 б.
2. Основные результаты Международного исследования PISA-2015. – Астана, 2017. - 12 б.

ЭТАПЫ ОБНОВЛЕНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ НАЧИНАЮТСЯ С RWST

Кулбаева Зауре Турсуновна
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
г.Костанай

Аннотация

Ұсынылыған баяндамада сабақ үстінде оқытудың келесі өзара байланыс міндеттері іске асырылуы тиіс: орыс тілін практикада игеру дағдысын қалыптастыру; әр түрлі өмір жағдайында өз ойын ауызша және жазбаша түрде айқын жеткізу; сөзге қатысты жауапкершілік сезімін, орыс тілінің көркемдігі мен мәнерлігіне сезінуге тәрбиелеу. Технология білім саласындағы көп мәселелерді шешуге жол ашады.

Аннотация

Статья посвящена этапам обновления в образовании через внедрения критического мышления на уроках русского языка и литературы, с целью улучшения качества знаний. Задачи обучения: формирование умений практического владения русским языком; умение ясно выражать свои мысли в устной и письменной речи в разных жизненных ситуациях; воспитание чувства ответственности по отношению к слову, чуткости к красоте и выразительности русской речи. Технология открыта для решения большого спектра проблем в образовательной сфере.

Abstract

This report dedicated to the problem of critical thinking in the Russian and Russian literature lessons with an aim of improving of knowledge's quality. Problems of education: to equip students with knowledge of the fundamentals of the science of language; the formation of practical skills of mastering the Russian language (spelling, punctuation, cultural speech regulations); the ability to clearly and precisely Express their ideas in oral and written speech in different situations; the nurturing of a sense of responsibility towards the word, being sensitive to the beauty and expressiveness of the Russian language. The technology is open for a wide range of problems in the educational sphere.

Түйінді сөздер: жаңару, білім алу, сыни ойлау, тәжірибе алмасу, қалыптастырушы және жиынтық бағалау, жетістік критерийлері, дескрипторлар.

Ключевые слова: обновление, образование, критическое мышление, обмен опытом, формативное и суммативное оценивание, критерии успеха, дескрипторы.

Keywords: renewal, education, critical thinking, experience exchange, formative and summary evaluation, success criteria, descriptors.

Обновление содержания образования в нашей республике-это прорыв к новым знаниям и новым возможностям,изначально произошедшим в далеком 1997 году, когда Казахстан, в числе пяти других стран бывшего социалистического лагеря, был приглашен в качестве участника Международного образовательного проекта «Развитие критического мышления через чтение и письмо» (RWCT). Авторами данной программы являются американские учёные Чарльз Темпл, Куртис Мередит,Джинни Стилл. Технология RWCT – универсальная, это, прежде всего, подход, не являющийся способом разукрасить урок, доставить детям удовольствие от использования игровых